

Ломбард «Доверие» ЖШС
жалғыз қатысушысының
шешімімен БЕКІТІЛДІ
«17» науырыз 2026ж.



Сенімді шешім!

**ЛОМБАРД
ДОВЕРИЕ**

Надежное решение!

**ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІНІҢ МИКРОКРЕДИТТЕРДІ
ҰСЫНУ ЕРЕЖЕСІ**

Астана қ., 2026 ж.

МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

«Доверие «Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Осы «Доверие Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі — Ломбард) микрокредиттер беру қағидалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және жеке тұлғаларға жылжымалы мүлікті кепілге қою арқылы микрокредиттер беру тәртібі мен шарттарын реттейді.

Қағидалар келесі нормативтік құқықтық актілердің негізінде және оларды орындау мақсатында әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
- Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңы
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы №232 «Микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібін бекіту туралы» қаулысы
- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі №82 «Микрокредит беру туралы шарт талаптарына өзгерістер енгізуді қарау қағидаларын бекіту туралы» қаулысы
- сондай-ақ микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Осы Қағидалар мыналарды белгілейді:

- микрокредиттер беру тәртібі;
- қарыз алушыларға қойылатын талаптар;
- мүлікті бағалау және кепілге қабылдау тәртібі;
- микрокредит беру туралы шартты жасасу және орындау шарттары;
- берешекті өтеу тәртібі;
- қарыз алушылармен өзара іс-қимыл тәртібі;
- тараптардың құқықтары мен міндеттері.

Осы Қағидалар Ломбард қызметкерлері мен қарыз алушылар үшін микрокредит беру туралы шарт жасасу кезінде міндетті болып табылады.

Қағидалар Ломбард үй-жайларында танысу үшін қолжетімді жерде, сондай-ақ Ломбардтың ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Ломбард — жеке тұлғаларға жеке тұтынуға арналған жылжымалы мүлікті кепілге қою арқылы микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын микроқаржы ұйымы.

1.2. Микрокредит — микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында заңда айқындалған мөлшерде және тәртіппен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен беретін ақша.

1.3. Тұтынушылық микрокредит — жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілмеген, жеке тұлғаға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес өзге де мақсаттарға берілетін микрокредит.

қызметі;

1.4. Кепіл билеті (микрокредит беру туралы шарт, бұдан әрі — Шарт) – Ломбард микрокредитті рәсімдеу кезінде қарыз алушыға беретін, кепіл заты және микрокредит беру шарттары туралы мәліметтерді қамтитын құжат.

1.5. Кепіл заты – қарыз алушының микрокредитті қайтару бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ететін, жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік.

1.6. Жылжымалы мүлік – жылжымайтын мүлікке жатпайтын, көлік құралдарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілге қабылдауға рұқсат етілген өзге де мүлікті қоса алғанда, мүлік.

1.7. Қарыз алушы / Кепіл беруші – микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйыммен микрокредит беру туралы шарт жасасқан жеке тұлға.

1.8. Бағалау құны – Ломбардтың мүдделерін ескере отырып айқындалған кепіл мүлкінің құны.

1.9. Микрокредит нысанасы – микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушыға берілетін ақша қаражатының сомасы.

1.10. Сыйақы – берілген микрокредит үшін төлем, микрокредит сомасына пайыздық қатынаста көрсетілетін және Ломбардқа тиесілі жылдық ақша қаражаты мөлшеріне қарай есептелетін ақы.

1.11. Өсімпұл (айыпақы) – жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін өндіріп алынатын ақша сомасы.

1.12. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ) – белгіленген қағидаларға сәйкес есептелетін, микрокредит бойынша шынайы, жылдық, тиімді және салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі.

1.13. Микрокредит беру мерзімі – қарыз алушыға микрокредит берілетін белгілі бір уақыт кезеңі. Шарттың қолданылу мерзімі тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және қарыз алушы өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

1.14. Ұзарту (продлонгация) – микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы немесе жақсартылған шарттармен ұзарту.

1.15. Кепілді сақтау кепілді кезеңі – микрокредитті өтеу мерзімі өткен күннен кейін Ломбард кепіл затын кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн сақтайтын кезең. Осы кезең ішінде қарызды сот арқылы өндіріп алу және кепіл мүлкін соттан тыс өткізу рәсімдері қолданылмайды.

1.16. Берешек – негізгі борышты (немесе оның қалдығын), есептелген, бірақ төленбеген сыйақыны, сондай-ақ шартта көзделген айыпақыны (айыппұлдар, өсімпұлдар) қамтитын микрокредит бойынша қарыз сомасы.

1.17. Микрокредитті толық өтеу – қарыз алушының шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындауы, оның ішінде негізгі борыш сомасын (немесе оның қалдығын) қайтару, есептелген сыйақыны және (бар болса) айыпақыны төлеу.

1.18. Микрокредитті ішінара өтеу – негізгі борыштың бір бөлігін қайтару, соның нәтижесінде микрокредит бойынша берешек қалдығы азаяды.

1.19. Сынама – бағалы металл қорытпасының мың үлестік бөлігіндегі таза бағалы металдың массалық үлесі.

2. ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1. Микрокредит алу үшін Ломбардқа он сегіз жасқа толған, әрекет қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары жүгінуге құқылы.

2.2. Микрокредит алу үшін Қарыз алушы келесі жеке басын куәландыратын құжаттардың бірінің түпнұсқасын ұсынуы қажет:

- Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
- Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат (шетелдіктің Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұру құқығын растайтын құжат).

2.3. Әскери билет, жүргізуші куәлігі, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыру немесе рәсімдеу кезінде әділет органдары немесе ішкі істер органдары беретін құжаттар жеке басын куәландыратын құжаттар болып табылмайды.

Уақытша жеке куәлік қысқа мерзімді пайдалануға арналған құжат болып табылады және азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау үшін, оның ішінде микрокредиттерді рәсімдеу және кепіл мүлкін қайтару үшін пайдаланылмайды.

2.4. Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжатының қолданылу мерзімі Кепіл билетінде белгіленген кепілді күту кезеңінің аяқталу күнінен бұрын аяқталмауы тиіс.

2.5. Микрокредит алу кезінде Қарыз алушы Ломбардқа жарамды ұялы телефон нөмірін, сондай-ақ Қарыз алушының (кепіл берушінің) сауалнамасында көрсетілген өзге де мәліметтерді ұсынуға міндетті.

2.6. Қарыз алушы микрокредитті рәсімдеу үшін ұсынған мәліметтері мен құжаттарының дұрыстығын растайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалған ақпарат бергені үшін жауапты болады.

2.7. Қарыз алушы микрокредит алу үшін құжаттарға қол қоя отырып, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға Ломбардқа келісім береді.

2.8. Қарыз алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға ұсынуға және кредиттік бюродан кредиттік есеп алуға келісім береді.

3. КЕПІЛ ЗАТЫН БАҒАЛАУ

3.1. Ломбард кепіл ретінде қабылдайтын жылжымалы мүліктің негізгі түрі – алтыннан жасалған зергерлік бұйымдар, сондай-ақ 585-тен 999-ға дейінгі сынамасы бар алтын бұйымдар және олардың бөліктері (фрагменттері) (бұдан әрі — кепіл мүлкі).

3.2. Жылжымалы мүлікті кепілге қабылдау Ломбардтың сарапшы-бағалаушы кассирі жүргізген қарау және бағалау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

3.3. Кепіл беруші кепіл затын қарау және бағалау жүргізу үшін Ломбардтың сарапшы-бағалаушы кассиріне тапсырады.

Кепіл заты сынама таңбасы болған жағдайда немесе бағалы металдың түпнұсқалығын және сынамасын анықтауға мүмкіндік беретін қажетті тексеру әрекеттері жүргізілгеннен кейін қабылданады.

Бағалы металдың жабыны (қаптамасы) бар болуы ықтимал бұйымдар металдың түпнұсқалығын анықтауға мүмкіндік беретін кесу (надпил) немесе өзге де тәсілмен тексерілуі мүмкін.

3.4. Кепіл затын қарау және бағалау кезінде Ломбардтың сарапшы-бағалаушы кассирі келесі жағдайларда Қарыз алушыға микрокредит беруден бас тартуға құқылы:

- кепіл затының Ломбард талаптарына сәйкес келмеуі;
- бұйым сапасының күмәнді болуы;
- қолдан жасалған (жалған) белгілерінің болуы;
- бұйымның моральдық немесе материалдық тозуы;
- Қарыз алушының теріс кредиттік тарихының болуы;
- Қарыз алушының алкогольдік, есірткілік немесе өзге де мас күйінде болуы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ломбардтың ішкі құжаттарында көзделген өзге де негіздер.

Ломбард микрокредит беруден себептерін түсіндірмей бас тартуға құқылы. Кепілге ұсынылған мүлікті қарау, консультация беру және бағалау Ломбардтың микрокредит беру міндеттемесі болып табылмайды.

3.5. Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды бағалау Ломбардтың ұйым басшысы бекітетін ішкі тарифтеріне сәйкес жүргізіледі.

3.6. Микрокредит беру туралы шарт рәсімделгеннен кейін Қарыз алушы кепіл мүлкін шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде жауапты сақтауға Ломбардқа тапсырады.

4. Келісім шарт жасау

4.1. Микрокредитті рәсімдеудің негізі — қарыз алушы мен Ломбард кепіл мүлкін бағалау сомасы, микрокредит сомасы және қайтару күні бойынша келісімге келетін ауызша келісім болып табылады.

4.2. Микрокредит беру туралы шарт Кепіл билетін (бұдан әрі — Шарт) беру арқылы рәсімделеді, онда микрокредитті беру және қайтару шарттарының барлығы көрсетіледі.

4.3. Шарт екі тараппен қол қойылады және тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

4.4. Қарыз алушы Шартқа қол қоя отырып, осы Қағидаларда қамтылған талаптармен келіседі.

4.5. Қарыз алушыға Шарт міндетті түрде қолына беріледі, Шартты бермеу лауазымдық нұсқаулықты өрескел бұзу болып табылады. Қарыз алушының өзі Кепіл билетін PDF форматында WhatsApp арқылы алуға ниет білдірген (келісім берген) жағдайларды қоспағанда.

4.6. Бір тұлғаға берілетін шарттар саны шектелмейді.

5. КЕЛІСІМ ШАРТ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

5.1. Ломбард микрокредиттерді келесі тәртіппен ұсынады:

- Микрокредит беру туралы шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарына сәйкес жазбаша нысанда жасалады.
- Шарт жасалғанға дейін Ломбардтың сарапшы-бағалаушы кассирі клиентті осы Қағидалармен таныстырады және Қарыз алушыға аталған Қағидалардың Ломбардтың ресми интернет-ресурсында орналастырылғаны туралы хабарлайды.
- Шартқа қол қойғанға дейін Қарыз алушыға келесі ақпарат ұсынылады:
- микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері;
 - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (ЖТСМ) мөлшері;

- микрокредит бойынша артық төлем сомасы;
- Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері;
- шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда туындайтын ықтимал салдарлар.
- Қарыз алушының сауалнамасы толтырылады (1-қосымша).

5.2. Микрокредит беру туралы шартқа қосылу туралы өтініш рәсімделеді (2-қосымша).

5.3. Қарыз алушының өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроға ұсынуға келісімі рәсімделеді (3-қосымша).

5.4. Қарыз алушының кредиттік бюродан кредиттік есеп алуға келісімі рәсімделеді (4-қосымша).

5.5. Микрокредит беру туралы шарт Кепіл билетін беру арқылы жасалады (5-қосымша).

5.6. Кепіл мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету және оның жай-күйін тіркеу мақсатында Ломбард кепіл затының фототүсірілімін, сондай-ақ мүлікті кепілге қабылдау процесін фотофиксациялауға құқылы. Фото материалдар Қарыз алушының кредиттік досьесінде сақталуы мүмкін және кепіл мүлкінің жай-күйі мен сипаттамаларын дәлелдеу ретінде пайдаланылуы мүмкін.

6. МИКРОКРЕДИТ БЕРУДІҢ ШЕКТІ СОМАСЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

6.1. Ломбард беретін микрокредиттің ең төменгі мөлшері 10 000 (он мың) теңгені құрайды.

Микрокредиттің ең жоғары мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде микроқаржы ұйымдарының қызметін реттейтін нормаларда белгіленген шекті мөлшерден аспайды.

6.2. Шарттар бойынша барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында — теңгемен жүргізіледі.

6.3. Егер шартта өзгеше көзделмесе, микрокредит беру мерзімі 45 (қырық бес) күнтізбелік күнді құрайды.

6.4. Тараптардың келісімі бойынша шарттың қолданылу мерзімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер шегінде қолданыстағы немесе жақсартылған шарттармен ұзартуға жол беріледі.

7. КЕПІЛ ЗАТЫН САҚТАУ

7.1. Шарт рәсімделгеннен кейін Қарыз алушы кепіл затын Ломбардқа жауапты сақтауға тапсырады.

7.2. Ломбард кепіл мүлкін пайдаланбайды және оған билік етпейді, сондай-ақ оны арнайы жабдықталған үй-жайларда, металл, отқа төзімді және бұзуға төзімді сейфтерде, күзет және өртке қарсы қауіпсіздік жүйелерін қолдана отырып сақталуын қамтамасыз етеді.

7.3. Ломбард кепіл затын микрокредитті өтеу мерзімі өткен күннен кейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн сақтайды (кепілді күту кезеңі).

7.4. Егер кепіл мүлкін мемлекеттік органдар алып қою немесе тәркілеу Қарыз алушының кінәсінен туындаған жағдайларға байланысты болса, Қарыз алушы Ломбардқа құжатпен расталған залалдарды өтеуге міндетті.

7.5. Ломбард кепілге қойылған мүліктің жоғалуына немесе бүлінуіне жауапты болады, егер ол мұндай жоғалу немесе бүліну еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан болғанын дәлелдей алмаса.

7.6. Егер шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, кепіл мүлкін сақтағаны үшін комиссиялық алымдар алынбайды.

8. БЕРЕШЕКТІ ӨТЕУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

8.1. Қарыз алушыдан ақша қаражаты түскен кезде берешекті өтеу келесі кезектілікпен жүзеге асырылады:

- берешекті өндіріп алу бойынша Ломбардтың шығындары (болған жағдайда);
- айыпақы (айыппұлдар, өсімпұлдар);
- есептелген сыйақы;
- негізгі борыш сомасы (микрокредит қалдығы).

8.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, белгіленген өтеу кезектілігін өзгертуге жол берілмейді.

9. МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ МӨЛШЕРЛЕРІ

9.1. Осы бөлім «Доверие Ломбард» ЖШС тарапынан жылжымалы мүлікті кепілге қою арқылы берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мөлшерлерін айқындайды.

9.2. Микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленеді және шекті мәндерден аспауы тиіс.

9.3. Ломбард сыйақы мөлшерлемелерінің келесі шекті мөлшерлерін белгілейді:

Микрокредит сомасы	Сыйақы мөлшерлемесі (күніне) ЖТСМ шекті мөлшері
45 (қырық бес) АЕК-ке дейін (қоса алғанда)	0,2943 % дейін 179 %-дан аспайды
45 (қырық бес) АЕК-тен жоғары	0,105 % 46 %-дан аспайды

9.4. Әрбір микрокредит бойынша нақты сыйақы мөлшерлемесі микрокредит беру туралы шарт талаптарымен айқындалады.

10. СЫЙАҚЫНЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

10.1. Микрокредит бойынша сыйақы есептеу пайыздарды қарапайым әдіспен есептеу арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте сыйақы негізгі борыштың қалдығына есептеледі.

10.2. Сыйақы микрокредитті пайдаланудың әрбір күнтізбелік күні үшін есептеледі.

10.3. Микрокредит мерзімінен бұрын өтелген жағдайда сыйақы микрокредитті нақты пайдаланған күндер санына қарай есептеледі.

10.4. Сыйақыны есептеу мақсатында микрокредит берілген күн және оның толық өтелген күні бір күнтізбелік күн ретінде есептеледі.

10.5. Егер микрокредитті қайтару күні Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, қайтару мерзімі айыппұл санкцияларын қолданусыз келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

11. КЕПІЛДІ КҮТУ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ ҰЗАРТУ

11.1. Микрокредитті қайтару мерзімі өткеннен кейін қарыз алушыға 30 (отыз) күнтізбелік күн мерзіміне кепілді күту кезеңі беріледі.

11.2. Кепілді күту кезеңі ішінде қарыз алушы:

1. есептелген сыйақыны және өсімпұлды (бар болған жағдайда) төлеген жағдайда микрокредит беру туралы шарттың мерзімін ұзартуға;
2. микрокредит бойынша берешекті толық өтеп, кепіл мүлкін қайтарып алуға құқылы.

11.3. Кепілді күту кезеңі ішінде кепіл мүлкі сатуға (іске асыруға) жатпайды.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Осы талаптар микрокредит беру туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

12.2. Осы талаптармен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Ломбард пен қарыз алушы Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13. ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН (ЖТСМ) ЕСЕПТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

13.1. Ломбард жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (ЖТСМ) есептеуді микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасалған күні жүзеге асырады.

13.2. Микрокредиттер бойынша ЖТСМ келесі формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда:

- S_j — қарыз алушыға берілген j -ші төлем сомасы;
- j — қарыз алушыға берілген төлемнің реттік нөмірі;
- n — қарыз алушыға берілген төлемдердің жалпы саны;
- P_i — қарыз алушының i -ші төлем сомасы;
- i — қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;
- m — қарыз алушы төлемдерінің жалпы саны;
- t_j — микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j -ші төлем жасалған күнге дейінгі уақыт кезеңі (күнмен);
- t_i — микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i -ші төлемі жасалған күнге дейінгі уақыт кезеңі (күнмен);
- APR — жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі.

13.3. ЖТСМ есептеуіне қарыз алушының микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге байланысты барлық төлемдері енгізіледі, шарт талаптарын бұзғаны үшін есептелген айыпақыны (айыппұлдар, өсімпұлдар) қоспағанда.

13.4. Сыйақы қарыз алушы тарапынан микрокредитті өтеу кезінде немесе оны ұзарту кезінде микрокредитті нақты пайдаланған күндер санына қарай төленеді.

13.5. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері өзгерген жағдайда (ішінара өтеу, ұзарту және өзге де жағдайлар) микрокредитті одан әрі пайдалану үшін сыйақы негізгі борыштың қалдығына қарай есептеледі.

13.6. Сыйақы мөлшерлемелері Ломбардтың уәкілетті органының шешімі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде белгіленеді және өзгертілуі мүмкін.

13.7. Микрокредит бойынша ЖТСМ мөлшері уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекті мәндерден аспауы тиіс.

13.8. Ломбард Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтай отырып, қарыз алушылардың жекелеген санаттары үшін немесе өткізілетін акциялар шеңберінде жеңілдікті (төмендетілген) сыйақы мөлшерлемелерін белгілеуге құқылы.

14. КЕПІЛДІ КҮТУ КЕЗЕҢІ

14.1. Микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін, микрокредит беру туралы шартта белгіленген мерзім аяқталған соң.

— микрокредит (кепіл билеті) бойынша, қарыз алушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілді күту кезеңі беріледі.

14.2. Кепілді күту кезеңі ішінде қарыз алушы:

1. есептелген сыйақыны және өсімпұлды (бар болған жағдайда) төлеген жағдайда шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға (пролонгациялауға);
2. есептелген, бірақ төленбеген сыйақыны және өсімпұлды (бар болған жағдайда) төлей отырып, микрокредит бойынша берешекті толық немесе ішінара өтеуге, сондай-ақ міндеттемелер толық өтелген жағдайда кепіл мүлкін қайтарып алуға құқылы.

14.3. Кепілді күту кезеңі аяқталғанға дейін Ломбард Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге қойылған мүлікті пайдалануға және оған билік етуге құқылы емес.

14.4. Кепілді күту кезеңі ішінде микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы есептелмейді.

14.5. Кепілді күту кезеңі аяқталғаннан кейін, қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, кепіл мүлкі талап етілмеген деп танылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ломбардтың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сатуға жатады.

14.6. Кепілді күту кезеңі өткеннен кейін қарыз алушы Ломбард алдындағы берешекті толық өтеген жағдайда, оның ішінде негізгі борышты, сыйақыны және есептелген айыппұл санкцияларын (бар болған жағдайда) төлеген кезде, сатылмаған кепіл мүлкін сатып алу (қайтарып алу) құқығын сақтайды.

15. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ МЕРЗІМІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН АЙЫПАҚЫ (ӨСІМПҰЛ)

15.1. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, кепілді күту кезеңі ішінде Ломбард келесі мөлшерде айыпақы (өсімпұл) есептейді:

Микрокредит сомасы	Кешіктірілген әрбір күн үшін өсімпұл мөлшері
45 (қырық бес) АЕК-ке дейін (қоса алғанда)	мерзімі өткен міндеттеме сомасының 0,3 %
45 (қырық бес) АЕК-тен жоғары	мерзімі өткен міндеттеме сомасының 0,5 %

15.2. Өсімпұл мерзімі өткен міндеттеме сомасына есептеледі, оған мыналар кіреді:

- микрокредит бойынша негізгі борыш сомасы;
- есептелген, бірақ төленбеген сыйақы.
- Өсімпұлды есептеу міндеттемені орындау мерзімі басталған күннен кейінгі күннен бастап жүзеге асырылады.

15.3. 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге және 45 (қырық бес) АЕК-тен аспайтын сомаға жасалған микрокредит шарттары бойынша:

- айыпақының (айыппұл, өсімпұл) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 %-ынан аспауы тиіс;
- шарт бойынша қарыз алушының барлық төлемдерінің жиынтық мөлшері (негізгі борыш сомасын қоспағанда), оның ішінде сыйақы мен айыпақы, шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде берілген микрокредит сомасының 50 %-ынан аспауы тиіс.

15.4. 45 (қырық бес) АЕК-тен жоғары сомаға жасалған микрокредит шарттары бойынша:

- мерзімі өткен алғашқы 90 (тоқсан) күн ішінде айыпақы (айыппұл, өсімпұл) мөлшері ...
- мерзімі өткен әрбір күн үшін айыпақы (өсімпұл) мөлшері мерзімі өткен міндеттеме сомасының 0,5 %-ынан аспауы мүмкін;
- мерзімі өткен алғашқы 90 (тоқсан) күннен кейін айыпақының мөлшері мерзімі өткен міндеттеме сомасының әрбір күні үшін 0,03 %-дан аспауы тиіс;
- айыпақының жалпы мөлшері шарттың қолданылу жылына берілген микрокредит сомасының 10 %-ынан аспауы тиіс.

15.5. Өсімпұл қарыз алушы барлық міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрбір кешіктірілген күн үшін есептеледі.

15.6. Өсімпұл сомасын есептеу Ломбард тарапынан қарыз алушы борышын өтеу күні жасалады.

16. КЕЛІСІМ ШАРТЫН ҰЗARTY (ПРОЛОНГАЦИЯ)

16.1. Микрокредит беру туралы шарттың мерзімін ұзарту (пролонгация) микрокредит берілген күннен бастап шартта белгіленген өтелу мерзіміне дейін жүзеге асырылуы мүмкін.

16.2. Ұзарту тараптардың келісімі бойынша қарыз алушы микрокредитті нақты пайдаланған мерзім үшін есептелген сыйақы мен өсімпұлды (бар болса) төлеген жағдайда жүзеге асырылады.

16.3. 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге және 45 (қырық бес) АЕК-тен аспайтын сомаға жасалған микрокредит шарттары бойынша пролонгация осы Ереженің 6.4-бабындағы талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады (кепілді күту кезеңінде сыйақы есептелмейді).

16.4. Пролонгация кезінде есептелген сыйақы мен (немесе) өсімпұлды ішінара төлеуге жол берілмейді, егер Ломбардтың ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе.

16.5. Пролонгацияны үшінші тұлға жүзеге асыра алады, егер есептелген сыйақы мен өсімпұлдың толық сомасы төленсе (бар болса).

17. МИКРОКРЕДИТТІ ІШІНАРА ӨТЕУ (ЧАСТИЧНОЕ ПОГАШЕНИЕ)

17.1. Қарыз алушы кез келген уақытта микрокредит бойынша берешекті мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеуге құқылы.

17.2. Берешектің ішінара өтелуі кезінде қарыз алушы кепіл мүлкін ішінара сатып алу құқығына ие, егер Ломбард алдындағы міндеттемелер сәйкес бөлігінде толық орындалса.

17.3. Егер бір шарт бойынша екі немесе одан көп зат кепілге қойылса, қарыз алушы берешектің кепілге алынған мүліктің бағасына сәйкес бөлігін төлеген жағдайда кез келген затты сатып ала алады, сондай-ақ есептелген сыйақы мен өсімпұлды (бар болса) төлейді.

17.4. Микрокредитті ішінара өтеу кезінде есептелген сыйақы мен (бар болса) өсімпұл негізгі борыш сомасына (берешектің қалдығына) сәйкес есептеледі.

17.5. Берешекті ішінара өтегеннен кейін микрокредитті пайдалану үшін сыйақы және (кешіктірілген жағдайда) өсімпұл негізгі борыштың қалдығына есептеледі.

18. МИКРОКРЕДИТТІ ТОЛЫҚ ӨТЕУ

18.1. Қарыз алушы кез келген уақытта Ломбардқа алдын ала хабарламай микрокредитті мерзімінен бұрын толық өтеуге құқылы.

18.2. Микрокредитті мерзімінен бұрын толық өтеген жағдайда міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындағаны үшін айыпақы (айыппұл, өсімпұл) есептелмейді.

18.3. Микрокредитті өтеу кезінде қарыз алушы мыналарды төлеуге міндетті:

- негізгі қарыз сомасы;
- микрокредитті нақты пайдаланған күндерге есептелген сыйақы;
- кешіктірілген қарыз болған жағдайда айыппұл (пеня).

18.4. Микрокредитті өтеу жолдары:

- Ломбард кассасы арқылы қолма-қол ақша төлеу, міндетті түрде фискалды кассалық чекті алу;
- банктік шотқа ақша аудару арқылы қолма-қол емес төлеу, шартта көрсетілген реквизиттер бойынша, міндетті түрде қарыз алушының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) және шарт (залог билеті) нөмірін көрсету.

18.5. Қарыз алушының шарт бойынша міндеттемелері Ломбардтың есепшотына немесе кассасына толық көлемде ақша түскен сәттен бастап орындалған деп есептеледі.

18.6. Ломбард қарыз алушы төмендегідей әрекеттер жасаған жағдайда ақшаның түспеуіне немесе дұрыс есептелмеуіне жауап бермейді:

1. Ломбардтың банк реквизиттерін қате көрсету;
2. Шарт (залог билеті) нөмірін немесе қарыз алушыны анықтауға мүмкіндік беретін деректерді дұрыс көрсетпеу немесе көрсетпеу.

19. КЕПІЛГЕ БЕРІЛГЕН ЗАТТЫ ҚАЙТАРУ

19.1. Ломбард қарыз алушының микрокредит бойынша барлық міндеттемелерін толық орындаған соң кепілге берілген затты дереу қайтаруға міндетті.

19.2. Кепілді қайтару жүзеге асырылады:

- қарыз алушыға (кепіл берушіге);

- дұрыс рәсімделген сенімхат болған жағдайда қарыз алушының өкіліне;
- мұрагерлік құқығын растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда қарыз алушының мұрагерлеріне.

19.3. Кешілді қайтару қарыз алушы (немесе оның өкілі) микрокредит сомасын, есептелген сыйақы мен Ломбардқа тиесілі басқа төлемдерді толық өтегеннен кейін жүзеге асырылады.

20. ҚАРЫЗДЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТӘРТІБІ

Ломбард Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, соның ішінде «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңы және «Төлем қабілетсіз қарыз алушының борышын сотқа дейінгі реттеу мақсатында Ломбардтың әрекет ету тәртібі» ішкі нұсқаулығына сәйкес қарызды реттейді.

20.1. Кешіктірілген қарыз туындаған жағдайда шаралар

Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда Ломбард мына шараларды қолданады:

- телефон арқылы, соның ішінде интернет-қосымшалар арқылы қарыз алушымен байланыс;
- жұмыс күндері 3 реттен артық емес (09:00–20:00);
- демалыс және мерекелік күндері 2 реттен артық емес (09:00–19:00).

Әрбір байланыс кезінде Ломбард қызметкері қарыз алушыға хабарлауға міндетті:—

- Ломбардтың атауы мен орналасқан жері;
- Қызметкердің толық аты-жөні және лауазымы;
- Қарыз құрылымы (негізгі қарыз, сыйақы, айыппұл);
- Міндеттемелерді орындамаудың салдары.

20.2. Байланыс кезінде шектеулер

Ломбардқа тыйым салынады:

- белгіленген уақыт пен байланыс жиілігін бұзу;
- үшінші тұлғалармен байланысу (тек қарыз алушының байланыс деректерін іздеген жағдайларды қоспағанда);
- жалған ақпарат беру;
- қарыз алушыны адастыру;
- абырой мен қадір-қасиетке нұқсан келтіретін мәліметтер тарату;
- қарыз алушыға зиян келтіретін ақпаратты жариялау.

20.3. Кешіктірілген қарыз туралы хабарлау

Кешіктірілген күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей Ломбард қарыз алушыға келесі ақпаратты қамтитын хабарлама жібереді:

- кешіктірілген қарыз және қарыз сомасы туралы ақпарат;
- қарыз алушының өтінішпен жүгіну құқығы;
- міндеттемелерді орындамаудың салдары.

Хабарлама жолданады:

- SMS, WhatsApp арқылы;
- электрондық поштаға;
- тапсырыспен хат арқылы;
- қарыз алушыға жеке түрде.

Хабарлама алынбаған жағдайда немесе тапсыру мүмкін болмаған кезде де жеткізілген деп есептеледі.

20.4. Қарыз алушының шарттарды өзгерту құқығы

Кешіктірілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде қарыз алушы шартқа өзгерістер енгізу туралы өтініш бере алады, себебін және растайтын құжаттарын көрсетуі керек.

Мүмкін өзгерістер:

- сыйақы мөлшерін төмендету;
- төлемді азайту (кемінде 50%);
- төлемдерді кейінге қалдыру;
- өтеу тәртібін өзгерту;
- мерзімді ұзарту;
- қарыздың немесе айыппұлдың бір бөлігін жазып тастау.

20.5. Өтінішті қарау тәртібі:

- өтініш 15 күнтізбелік күн ішінде қаралады;
- қажет болған жағдайда қосымша құжаттар сұралады (беру мерзімі – 5 жұмыс күні);
- құжаттар берілмесе – өтініш қаралмай қалады.

Қорытындысында Ломбард келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- келісім;
- қарсы ұсыныс;
- негізделген бас тарту.

Қарау кезеңінде:

- мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге тыйым салынады;
- кепілді сатуға тыйым салынады.

20.6. Әлеуметтік жіне жеңілдік санатына жататын қарыз алушылар

Табыс 30%-дан астам төмендеген жағдайда немесе СУСН мәртебесі бар қарыз алушыларға Ломбард:

- жеңілдікті шарттар ұсына алады;
- өзгерістер мерзімін кемінде 3 айға белгілей алады.

20.7. Қарыз алушының өтініш беру негіздері

Негізгі себептерге жатады:

- жұмыстан шығу;
- табыстың төмендеуі;
- ауру;
- декреттік демалыс;
- отбасы жағдайлары;
- форс-мажор (өрт, ұрлық және т.б.);
- басқа расталған жағдайлар.

20.8. Құжаттар

Қарыз алушы қаржылық жағдайдың нашарлағанын растайтын құжаттарды ұсынады, оның ішінде:

- кірістер туралы анықтамалар;
- жұмыспен қамту құжаттары;
- медициналық анықтамалар;

- төтенше жағдайлар туралы құжаттар;
- сот актілері және т.б.

20.9. Реттелмеген жағдайдан кейінгі шаралар

Келісім болмаған жағдайда Ломбард:

- қарызды коллекторларға бере алады;
- сотқа жүгінеді;
- кепілге шешім шығара алады.

20.10. кепілді сату шектеуі

Қарыз алушының өтініші қаралып жатқан кезеңде кепілді мүлікті сату рұқсат етілмейді.

21. ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

21.1. Өтініш түрлері

Ломбард тұтынушының келесі өтініштерін қабылдайды және қарайды:

1. Жазбаша өтініштер, мыналар арқылы алынған:

- жеке түрде;
- поштамен;
- шартта көрсетілген электрондық поштаға.

2. Ауызша өтініштер:

- Ломбардқа жеке барғанда;
- телефон арқылы.

21.2. Өтініш қабылдауды растау

Жазбаша өтініш қабылданғанда тұтынушыға беріледі:

- өтініш қабылданғаны туралы талон, немесе
- қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің көшірмесі.

21.3. Шарт бойынша ақпаратты беру

Шарт әрекет ету кезінде тұтынушының өтініші бойынша Ломбард 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпарат береді:

- төленген төлемдердің сомасы;
- кешіктірілген қарыз сомасы (бар болса);
- қалған қарыз мөлшері;
- келесі төлемдердің сомасы мен мерзімі.

Ақпарат жазбаша түрде немесе шартта көрсетілген тәсілмен беріледі.

21.4. Қарыз жоқтығы туралы анықтама

Микрокредит толық өтелгеннен кейін Ломбард тұтынушының өтініші бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде тегін қарыз жоқтығы туралы анықтама береді.

21.5. Шарт шарттарын өзгерту туралы өтініштерді қарау

Тұтынушы шартты өзгерту туралы өтініш берген жағдайда Ломбард оны 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қарайды және бір шешім қабылдайды:

- келісім;
- қарсы ұсыныс;

- негізделген бас тарту.

21.6. Өтініштерді қарау мерзімі

- Жазбаша өтініштер 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады;
- Ауызша өтініштер дереу қаралады.

Егер ауызша өтінішті дереу шешу мүмкін болмаса:

- тұтынушыға оны жазбаша рәсімдеуге ұсыныс беріледі;
- содан кейін ол жазбаша өтініш ретінде қаралады.

Тұтынушыға қарау тәртібі мен мерзімі түсіндіріледі.

21.7. Қосымша құжаттарды сұрау

Ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда Ломбард тұтынушыдан қосымша құжаттар мен мәліметтер сұрай алады.

21.8. Қарау мерзімін ұзарту

Қосымша тексеру қажет болған жағдайда қарау мерзімі 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін.

Мерзім ұзартылғаны туралы тұтынушыға 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарланады.

21.9. Жауапты жіберу тәртібі

Жазбаша өтінішке жауап шартта көрсетілген тәсілдермен жіберіледі, соның ішінде:

- тұтынушының мекенжайына тапсырыспен хат;
- электрондық поштаға;
- SMS / push-хабарлама (немесе жауапқа сілтеме);
- жеткізуді растай алатын басқа байланыс құралдары арқылы;
- қолхатпен жеке тапсыру.

Жауап жеткізілген деп есептеледі, егер:

- тұтынушы немесе оның кәмелетке толған отбасы мүшесі алған;
- немесе тұтынушы қабылдаудан бас тартқан;
- немесе көрсетілген мекенжай бойынша жеткізу мүмкін болмаған.

22. КЕПІЛ МҮЛІГІН САТУ

22.1. Қарыз алушы белгіленген кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін микрокредитті қайтару, сыйақы мен айыппұлды (бар болса) төлемеген жағдайда кепіл мүлік талап етілмеген деп есептеледі.

22.2. Талап етілмеген кепіл мүлікті Ломбард Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен басқа қолданыстағы заңнамаға сәйкес сата алады.

22.3. кепіл билетін қол қойған кезде қарыз алушы кепіл мүлікті сотқа дейінгі тәртіпте сату үшін келісім береді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайлар мен тәртіпке сәйкес.

22.4. Кепіл мүлікті сотқа дейінгі тәртіпте сату Ломбард арқылы сауда (аукцион) өткізу, залог нысанын Ломбардқа меншіктеу немесе үшінші тұлғаларға сату арқылы жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес.

22.5. Кепіл мүлік сатылғаннан кейін қарыз алушыға қайтарылмайды.

22.6. Талап етілмеген мүлікті сатып алған тұлға туралы ақпарат қарыз алушыға (кепіл берушіге) берілмейді.

22.7. Аукцион ағылшын немесе голланд әдісімен өткізіледі.

22.8. Аукционға қатысушылардың минималды саны кемінде екі адам болады.

22.9. Сауда қорытындысы бойынша протокол белгіленген тәртіппен рәсімделеді.

22.10. Кепіл беруші өзінің кепіл мүлкін сатып алу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген артықшылықты құқыққа ие, сауда өткізу шарттары сақталған жағдайда.

22.11. Талап етілмеген кепіл мүлікті сатудан түскен қаражаттан төленеді:

- берілген микрокредит сомасы;
- есептелген сыйақы;
- айыппұл (бар болса);
- мүлікті сақтау және сату шығындары.

22.12. Ломбардағы затты кепілге қою туралы шарт кепіл затын сату немесе мұндай мүліктің Ломбарттың меншігіне өтуіне байланысты тоқтатылады.

Кепіл затын сату немесе оның Ломбардтың меншігіне өтуі барысында қарыз алушының міндеттемелері тоқтатылады, ол бір мезгілде кепіл беруші болып табылады, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт та тоқтатылады.

23. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

23.1. Қарыз алушының құқығы:

- Микрокредит беру ережелерімен танысу;
- Алынған микрокредитті шартта көрсетілген тәртіп пен шарттар бойынша пайдалану;
- Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару, айыппұлсыз (штраф, пенясыз);
- Залогтық мүлікті сатып алу құқығын үшінші тұлғаға беру, нотариалды расталған сенімхаттың түпнұсқасы болған жағдайда;
- Қызметтер бойынша даулы жағдай туындағанда Ломбардқа жазбаша өтінішпен жүгіну.

23.2. Қарыз алушының міндеті:

- Микрокредитті рәсімдеу үшін Ломбард өкіліне қажетті құжаттар мен сенімді деректер беру;
- Алынған микрокредитті қайтару, сондай-ақ сыйақы мен есептелген айыппұлдарды (бар болса) шартта (залог билеті) көрсетілген мерзім мен тәртіпте төлеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Ломбардпен жасалған шарттарда белгіленген басқа талаптарды орындау.

24. ЛОМБАРДТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

24.1. Ломбардқа құқықылы:

- Микрокредит беру шарты бойынша құқықты (талапты) Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңының 9-1-бабының 4 және 5 тармақтарында көрсетілген тұлғаларға беру;
- Микрокредит шартын жасау және орындау үшін қарыз алушыдан қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрау, Микрокредит беру ережелеріне сәйкес;
- Шарт шарттарын біржақты тәртіпте тек қарыз алушы үшін жақсартатын бағытта өзгерту.

24.2. Ломбардтың міндеттері:

- Қарыз алушыға микрокредит алу кезінде оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелерді орындамаудың ықтимал салдары туралы ақпарат беру;
- Қазақстан Республикасының Заңы бойынша микрокредит беруден бас тарту;
- «Қылмыс жолымен алынған табысты заңдастыруға (жууға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы»;
- Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кешіккен жағдайда, қарыз алушыға хабарлау, Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңының 9-2-бабының 1 тармағына сәйкес;
- Залогтық мүліктің жоғалуы немесе зақымдануы үшін жауапкершілікке ие болу, егер жоғалуы немесе зақымдануы күрделі күш әсерінен болғанын дәлелдей алмаса.

25. ҚҰПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

25.1. Ақпараттың құпиялылығы

Ломбардта сақталатын барлық ақпарат – қарыз алушылар, кепіл мүлік және микрокредиттер туралы – құпия болып табылады және үшінші тұлғалар алдында жариялауға немесе талқылауға жатпайды.

25.2. Жеке деректерді қорғау

Ломбард жеке деректерді жинау және өңдеу кезінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес қорғайды.

25.3. Құпиялылықты сақтау міндеті

Ломбард және оның қызметкерлері қарыз алушылардан алынған ақпаратты құпия түрде сақтау міндетті, тек талап етілмеген заттың атауы, сипаттамасы және сапалық ерекшеліктерін қоспағанда.

Ақпаратты заңсыз жариялау жағдайында жауапты тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

Ломбард қарыз алушылар және кепіл мүлік туралы ақпаратты тек Қазақстан Республикасының заңнамасында нақты көрсетілген жағдайларда үшінші тұлғаларға бере алады.

25.4. Жеке деректерді өңдеуге келісім

Қарыз алушы жеке деректерді жинау, өңдеу және сақтау және қарыз шарттары бойынша Келісімді қол қойған кезде Ломбардқа өзінің жеке деректерін қағаз және электрондық тасымалдаушыларда жинауға және өңдеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайларда үшінші тұлғаларға қарыз алушы мен микрокредит беру шарттары туралы ақпарат беруге келісім береді.